



**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«І. Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК**

# **Кітапхананың жылдық есебі 2021-2022 оқу жылы**

## №67 гимназия кітапханасының 2021 – 2022 оқу жылындағы жасалынған жұмысының есебі.

**2021-2022** жаңа оқу жылында мектептегі барлық оқушыларға оқулықтар таратылды. Алғашқы кезекте әлеуметтік жағдайы төмен және аз қамтылған отбасылардың балаларына оқулықтар берілді. Былтырғы оқу жылында жалпы оқулықтар саны  $47452+7564=55016$  дана, жаңадан келіп қосылған оқулықтар саны **7564**. Есептен шығарылғаны **5179** дана Жалпы оқулықтар саны **49837**.

Мектеп кітапханасының қоры **54397** дана: Оның ішінде **4560** данасы – көркем әдебиет, анықтамалық және әдістемеліктер, аудио дисктер мен электронды оқулықтар **1735** дана. Әрбір оқырманға шаққанда кітап саны **21,4**-ке тең. Соның ішінде оқулық саны 1 оқушыға **18,2**-ден келеді. Білім министрлігі бекіткен тізімі бойынша Білім басқармасына қажетті оқулықтар мен әдістемелік құралдарға және көркем әдебиеттерге сұраныстар беру арқылы кітапхана қоры толтырылып отырады. Биылғы жаңарып шыққан оқулықтар **1**-сыныптарға **3900** дана оқулық және **3660** дәптері алынды.


Жарты жылдықта тіркелген оқырмандар саны - **1094**

**2021- 2022** оқу жылында жазылған мерзімді басылымдар саны **26** дана, бағасы **300 000,00** теңгеге бағаланған. Мектепке берілген жоспарлы мерзімді басылымдар толығымен орындалды. Оқу құралдарын тексерілу жұмыстары жылына **2** рет жүргізіліп отырады. Тексеру жұмысы жүргізілді нәтижесі жақсы. Кітапханада жоспарланған іс- шаралар толығымен жүргізіліп келеді. Атап айтсақ кітапханада «Тіл- әр халықтың тірегі», «Жылдың мерей той иелері» Баспасөз беттерінен шолу жасалды, кітап көрмелері қойылды. **1 – 2** сыныптар арасында «Біз кітапханаға барамыз» атты кітапханаға саяхат сабағы жүргізілді. «Бір ел – бір кітап» М. Мақатаев «Өмір дастан», Ж.Нажмеденов «Менің Қазақстаным», Сәуле Досжан «Өмір дастан» акциясы бойынша кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Оқуға құштар мектеп» бойынша **20** мин «Кітап оқу» жобасы жолға қойылды. Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – **90** жыл, Сайын Мұратбековтің туғанына **85** жыл библиографиялық шолу жасалды, Ыбырай Алтынсарин **180** жыл «Атымтай Жомарт» әңгімесіне Бейнебаян жасалды, Қасым Аманжоловқа **110** жыл өлеңдерін **8** сыныптар арасында өткізілді. Қажымұқан Мұнайтпасовтың туғанына - **150** жыл библиографиялық шолу және бейнебаян жасалды, Ғабиден Мұстафин **120** жыл «Шығанақ» кітабына библиографиялық шолу жасалды. Дина Нұрпейісованың туғанына – **160** жыл слайды жасалып мектеп сайтына салынды. Зейнолла Қабдоловтың туғанына **95** жыл тақырыптық көрмесі және бейнебаян жасалды.

**1- желтоқсан** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күніне арналған «**ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ЕЛБАСЫ**» Тарихи танымдық сұрақ- жауап сабағы өткізілді «Елбасы жолы» фильмі көрсетілді. «Елбасы-ел тірегі, абройы, айбаты! кітап көрмесі жасалды. **Тәуелсіздікке 30 жыл** «Елімнің - ерлік жолы». «Тәуелсіздік ел - бақыты» Кітап көрмелері және танымдық библиографиялық шолулар жүргізілді бейнебаяндар көрсетілді.

Кітапханада жүргізілген барлық жұмыстарды мектеп сайтына Instagram және Facebook парақшаларына салынды. Жоспарланған жұмыстар толығымен орындалуда.

**18.09.2021**ж. күні өткен **BOOK WORM** танымдық бағдарламасының **2021 – 2022** оқу жылының алғашқы шығарылымы «ҚР Халықтарының тілдер күні» мерекесіне арналды. Шығарылым қонақтары ретінде, гимназиямыздың **7-8** сынып оқушылары әр тілде кітап оқып, сол кітаптың таныстырылымын жасады. Атап айтатын болсақ: **7 «Е»** сынып оқушысы **Еділ Әділжан** француз тілінде, **Ешембаева Зарина** ағылшын тілінде, **8 «Ә»** Темірхан Тамирис орыс тілінде, **Тапалова Малика** қазақ тілінде өз оқыған кітаптары туралы ой бөлісіп қызықты эфир жүргізуге септігін тигізді.



26.09.2021 ж. «Асыл сөз» жобасы аясында №67 гимназиямызда шынайы поэзия өкілі Мұқағали Мақатаевқа арналған шығарылымын жариялады. Шығарылымда ақын Мұқағалидың өмірдерегінен ақпараттар беріліп, ақындық жолға қалай келгенін қоса баяндады. Ақынның оқырманға кең тараған шығармаларының шығу тарихы мен қысқаша мазмұны сипатталды. Шығарылым әрбір көрерменнің ақын шығармашылығына қызығушылығын арттырардай, өте жақсы көрнекіленді.




08.02.2022 күні Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы өкзізілді. Іс-шараға гимназиямыздың 6-сынып оқушылары қатысты. Әр сыныпқа берілген кітаптар бойынша сұрақтар желісімен жауап бере отырып, шығарманың толық мазмұнын ашты. Және өзара пікір алмаса отырып, өз таным көкжиектерін кеңейтті. Жобадан Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» әңгімесі, Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасы және Абай Құнанбайұлының «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі талқыланды.



27.10.2021ж. күні Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназияда «Асыл сөз» жобасы аясында кезекті шығарылым жарық көрді. Бұл шығарылым көрермендеріне І. Есенберлиннің тарихи шығармасы «Көшпенділер» трилогиясын ұсынды. Қазақ халқының сан ғасырғы тарихын көркем тілмен бейнелеп, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан қаламгер І. Есенберлиннің өмірдерегі мен шығармашылық жолы туралы да баяндалды.



08.11.2021ж. күні BOOKWORM танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы жарық көрді. Аталмыш шығарылымда бағдарлама қонағы ретінде казак тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, 10 «Ә» сынып жетекшісі Пернебаева Нұршапағат өзінің шәкірті Нұржанқызы Жаннұрмен бірге ой бөлісті. Бұл шығарылымда тұлғалық қасиеттерді дамытуға көмектесетін мотивациялық кітаптар аясында пікір алмасты.



23.11.2021ж. күні «Асыл сөз» жобасы аясында кезекті шығарылым жарық көрді. Шығарылым Солтүстік Қазақстан облысы тумасы, жазушы Сәбит Сұқановқа арналды. Жазушы өмірі мен шығармалары туралы қызықты деректермен гимназиямыздың 10 «В» сынып оқушылары Құрал Дамир, Алимжанова Мөлдір, Шакижанова Нұрбота бөлісті. Шығарылымда жазушының бала күннен-ақ, ақындыққа жақын болғанынан бастап, казак әдебиетінің жарық жұлдызды шығармаларын жазғанына дейінгі жүріп өткен жолы мен ерен еңбегі баяндалды.




30.11.2021ж.Күні BOOKWORM танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы жарық көрді. Шығарылымда өз пікірімен бөлісуге тарих пәнінің мұғалімі Батырхан Ерназ Әбдібайұлы, 8 «Ә» сынып оқушысы Иманбаева Аяғоз, 7 «Л» сынып оқушылары Әкімжан Сағыныш пен Ахметжан Айару келді. Шығарылым «1 желтоқсан – Тұңғыш президент күніне» арналды. Осыған орай, шығарылымда «Ұлы адам туралы ұлағатты кітап», «Жылдар мен ойлар» кітаптары өз дәрежесінде талқыланды.




15.12.2021ж. күні BOOKWORM танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы жарық көрді. Шығарылым 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздігі мерекесіне арналды. Шығарылым қонақтары ретінде гимназиямыздың «Тарих пәні» бірлестігі шақырылды. Бұл бағдарламада қазақ елінің осы тәуелсіз, бейбіт заманға келу жолында қалай тер төккені туралы жүйелі пікір алмаса отырып жеткізді. Шығарылым оқырманның патриоттық сезімін оятып, «Тәуелсіздік» ұғымына деген терең көзқарасының қалыптасуына септігін тигізді.



24.12.2021ж. күні І. Есенберлин атындағы №67 гимназиясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кезекті шығарылым жарық көрді. Шығарылымда сыныптарға берілген кітаптар негізінде оқушылар өз білімімен бөлісті. Атап айтсақ, 5 «И» сынып оқушылары «Абылай хан» шығармасына талдау жасады. Балалар оқыған кітаптарындағы қазақтың айбынды ханы Абылай туралы түрлі қызықты деректермен жарыса бөлісті. Шығарылымдағы әдемі пікірталас оқырмандарды «Абылай хан» кітабына деген қызығушылығын оятты.





24.12.2021ж. күні І. Есенберлин атындағы №67 гимназияда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кезекті шығарылым жарық көрді. Шығарылымда сыныптарға берілген кітаптар негізінде оқушылар өз білімімен бөлісті. Атап айтсақ, 5 «Е» сынып оқушылары «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» шығармасына талдау жасады. Оқушылар оқыған кітабындағы кейіпкерлерге сипаттама беріп, өз ойларымен бөлісті. Әсіресе, Қозы Көрпештің бойындағы адалдық, батылдық, уәдеге беріктік, Баянның бойындағы нәзіктік, сыпайылық сынды ізгі қасиеттерін сүйсіне баяндады.



20.01.2022ж. күні І.Есенберлин атындағы №67 гимназияның 5 «Е» сынып оқушысы Байғожа Дария «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өзінің оқыған кітабы «Экософия немесе киял табиғаты» туралы ой бөлісті. Кітапта аң-құстардың, өсімдіктердің ерекшеліктерін аңыз түрінде қызықты етіп баяндайды. Шығарлым басқа оқырмандардың да қызығушылығын арттырды.

27.01.22 күні І. Есенберлин атындағы №67 гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 2 ж.в сынып оқушыларының қатысуымен «Ертегілер еліне саяхат» іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарамыздың мақсаты оқушыларымызға біріншіден кітапхана ережесімен ондағы ертегі, әдеби кітаптарды қалай қолдануға болатындығы туралы қысқаша таныстырылым жасалды. Кітапханаға жанадан түскен әдеби «Даналық әліппесі» кітабына таныстырылым жасалды. Оқушыларымызға Жалпы адамзаттық құндылықтар туралы жақсы мәліметтер айтылды, оқушыларды кітап оқуға тартудың бір әдісі ретінде жобаны насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында мектептің инста, фейсбук парақшаларына жүргізілген жұмыстар үздіксіз жарияланып отырылады. Ұлы заңғар жазушымыз М.Әуезов «Әрбір адамның ең жақын досы кітап болуы тиіс» деп айтқандай. «Оқуға құштар мектеп» жобасы сәтті жалғасын тапса, еліміздегі ақын-жазушылардың кітаптары көптеп басылып шығып, ел арасына кең тарайтын болады. Алдағы уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітапқұмар ұлт деген мәртебелі атымызды қайтаруға септігін тигізетін игі бастама екеніне кәміл сенеміз!



28.01.2022ж. күні BOOKWORM танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы жарық көрді. Бұл шығарылымда 8 сынып оқушылары ZOOM платформасында «Қазына аралы», Сәкен Жүнісовтың «Ақан сері» шығармалары туралы пікір алмасты. «Ақан сері» романында Ақан Абай сияқты өмірге көзқарасы жана қалыптаса бастаған кезден емес, аз да болса, өмірдегі теңсіздік мәселесін аңғарып қалған күйде жүздеседі оқырманға. Әрине, екінші кітаптағыдай басына түскен ауыртпалықтан қысым көрген Ақан есейіп, өмірге көзқарасы байып, үлкен күреске әлі шыға қойған жоқ. Патша мұрагері – Царевичке қазақ халқы атынан үлкен шағым айтатын дәрежеге ол әлі жеткен жоқ. Ақан - әдемілікке, әсемдікке ғашық, өмірдегі сұлулыққа, өнердегі пәк тазалыққа ғашық. Халқы оны сері атандырған.




04.02.2022ж. күні І.Есенберлин атындағы №67 гимназияның 7 “Е” сынып оқушысы Жұмабек Аида “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында өзінің оқыған кітабы Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» туралы ой бөлісті. «Сұлушаш» – Сәбит Мұқановтың 1928 жылы драмалық оқиғаға құрылған поэмасы. Поэмада қазақ ауылындағы әлдінің озбырлығы мен әлсіздің көрген қорлығы, әсіресе адамның бас бостандығының жоқтығы, яғни байдың кедейге үстемдік жасайтыны, екі жастың бір-біріне деген биік махаббаты суреттелген.

Туындының бар оқиғасы Алтай мен Сұлушаштың төңірегіне құрылған. Яғни осы екі жастың сүйіспеншілігі, бір-біріне деген махаббаты жырланады.

11.02.2022 күні Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы кітапханасында "Оқуға құштар мектеп" жобасы өткізілді. Іс-шараға гимназиямыздың 5 «и» және 5 «з» сынып оқушылары қатысты. Әр сыныпқа берілген кітаптар бойынша сұрақтар желісімен жауап бере отырып, шығарманың толық мазмұнын ашты. Жобала халық ауыз әдебиетінің мұрасына айналған "Ер Тарғын" ертегісі мен "Абылай хан" аңыз-әңгімелері талқыланды.



17.02.2022ж. күні BOOKWORM танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы жарық көрді. Бағдарламаның қонығы ретінде 8 «Ә» сынып оқушысы Иманбаева Аяғоз өз ойымен бөлісті. Шығарылымда І. Есенберлиннің «Аққу құстар қуанышы» кітабы туралы пікір алмасты. Шығармада опасыздық, тұрақсыздық, көре алмаушылық сынды теріс мінездердің кесірі туралы суреттеді



"Оқуға құштар мектеп" жобасы

Ақпан айының 18-і күні І. Есенберлин атындағы №67 гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы өтті. Жобаның бұл кезеңіне гимназиямыздың 7 сыныптар оқушылары қатысып, өз сыныбымен оқыған шығармаларымен бөлісті. Жобаның форматына сай әр сынып өкілдері берілген сұрақтарға жауап бере отырып, оқыған шығармаларының толық мазмұнын ашып, толығымен айтып берді. Сонымен қатар, оқушылар шығарма төңірегінде бір-біріне сұрақ қойып, жауап алды.





10.03.2022ж. күні BOOKWORM танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы жарық көрді. Бұл шығарылымның қонақтары гимназиямыздың 7 "Ж" сынып оқушылары, "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында сыныпқа берілген шығарманы ұсынады. Бұл жазушы Қасым Қайсеновтың "Жау тылындағы бала" кітабы. Жау тылындағы бала — Қасым Қайсеновтың 1961 жылы жазған повесі. Повесте автор Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін үлкен тебіреніспен суреттеп жазған



16.03.2022ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Төлеген Айбергеновтің 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Арман сапары» атты зияткерлік сайысы КАНООТ платформасы арқылы 6 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ж», «И» сыныптар арасында өткізілді. Іс-шараның мақсаты: ақын өмірі мен шығармаларығын насихаттау, оқушылардың ой-өрісін, шығармашылық ізденісін дамыту, кітап оқуға деген құштарлығын арттыруға бағытталған. Сайыста өз білімімен топ жарып, келесі кезеңге өткен оқушылар:

1-орын Замангелді Арай 6 «И» сынып оқушысы

Жетекшісі: Смагулова С. Ж.


2-орын Мелдеш Назерке 6 «Ж» сынып оқушысы

Жетекшісі: Жуманазарова Ж. П.

3-орын Аманкелді Жасмин 6 «В» сынып оқушысы

Жетекшісі: Сапарханқызы Ж.

Қазақ әдебиетіндегі сондай таза бұлақтардың бірі Төлеген Айбергенов сынды біртуар тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын болашақ ұрпақ бойына насихаттау баршамызға парыз.






27.04.2022 күні гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы өтті. Жобаның бұл санына 8 «д», 8 «г» және 8 «а» сынып оқушылары қатысты. 8 «д» сынып оқушылары Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» әңгімесін, 8 «г» сынып оқушылары Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романын және 8 «д» сынып оқушылары Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасының мазмұнымен бөлісіп, ортаға салды. Оқушылар автор жайында да толық ақпарат берді.

Сонымен қатар, Мауленова Сабина өзі оқыған Диана Уинн Джонстың «Ходячий замок» әңгімесінің мазмұнымен бөлісті.

Кітап оқу білімге

ұмтылысты, дүниетанымды кенейтуді, адамның өзін тануын білдіреді. Кітап оқитын адам ақыл- парасат, таным, білім, мәдениеттілігімен ерекшеленеді.



«Bookworm» танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымына 7 "Д" сынып оқушылары қазақтың әйгілі күйші қызы, Құрманғазының шәкірті Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығы жайында баяндады. Қатысушылар күйшінің өмірбаянынан ақпарат айтып, күйлеріне шолу жасады. Сонымен қатар, күйшінің бірнеше күйінің шығу тарихын айтып берді. Динаның әсем сазды аяулы күйлері осынау жар қызығын көріп, бала бақытына мейірленген жылдарда туған.



Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқаратынын, кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты

міндеттерінің бірі екенін ескере отырып №67 гимназия кітапханасында «Ең қымбат сыйлық –кітап» акциясы ұйымдастырылды. Акцияға 1-10 сынып оқушылары қамтылды. 1-3 сыныптарға сынып сағатында оқушылар өзара кітап алмасты. 4-5 сыныптар гимназия ауласында өтетін акцияға қатысып сыныптар өзара кітаптарымен алмасып, талдау жасады. 6-7-8-9-10 сыныптарда сынып сағатында әр сынып оқушылары бір-біріне кітап сыйлау рәсімін өткізді.

«Ең қымбат сыйлық -кітап» акциясының ашылу сәтінен суреттер




26 Сәуір күні гимназиямызда 23 Сәуір Бүкіл әлемдік кітап күні қарсаңында ұйымдастырылып отырған «Ең қымбат сыйлық- кітап!» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның негізгі мақсаты ұжым арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыр. Үздіксіз оқуға ынталандыру.Акция негізінде ұстаздар өздері оқыған кітапты таныстырып, әріптесіне сыйлау. Сонымен қатар іс- шара соңында гимназияда ұжым үшін «Оқырман клубы»жұмысы бастау алғаны хабарланды.





21.05.2022 күні, гимназия кітапханасында, «Мектеп миссиясына бағытталған тиімді жобалар» тақырыбындағы қалалық семинар аясында «BOOKWORM» танымдық бағдарламасының кезекті шығарылымы өтті. Бұл шығарылымға семинар қонақтары мен гимназия ұстаздары көрермен ретінде қатысса, өзі оқыған шығарманы ортаға салып, мазмұнымен бөлісуге 5 «З» сынып оқушысы Жусипбай Айдара келді. Сөз басында, жоба координаторы Оракбаева А.А қонақтарға жобаның құрылымы, мақсаты мен міндеті, жеткен жетістіктері жайында ақпарат берсе, жоба жүргізушісі Қуанышбеков Ж. Т. Кезекті шығарылымды көрермен назарына ұсынды. Соңында қонақтар өз алған әсерлерімен бөлісіп, жоба жайында ойларын ортаға салды.





**Кітапхана жұмысының жылдық жоспары  
2022-2023 оқу жылы**

Кітапхана меңгерушісі : Шагирова А.Б.

**Кітапхана жұмысының жылдық жоспары  
2022-2023 оқу жылы**

**Кітапхананың мақсаты** – әр адам білім алып, интеллектуалды даму үшін ақпаратқа ашық қол жеткізуін қамтамасыз ету

**Кітапхананың стратегиялық бағыты** – өздігінен білім алуға, инновациялық әдістемелік бағдарламаларды құруға жағдай жасау, көкөрем-шығармашылық қызметті ақпараттық қамсыздандыру болып табылады.

**Кітапхананың негізгі міндеттері:**

1. Бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру, барлық деңгейдегі оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық кешенді ұйымдастыру;
2. Оқырмандардың жүйелі түрде оқуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту;
3. Оқырмандардың жас деңгейлерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру;
4. Кітапхана қорын қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес отандық, шетелдік көркем, ғылыми –публицистикалық, фантастикалық, деректі, тарихи кітаптармен толықтыру;

**Кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары:**

1. Қорларды өзектендіру;
2. Кітапханалық қызмет көрсету мен ресурстардың қолжетімді болуы;
3. Оқырмандардың сұранысын қанағаттандыру;
4. Кітапхананы үздіксіз дамыту;
5. Кітапханалық қызмет көрсету сапасын арттыру
6. Қазіргі заманғы кәсіби стандарттарды, технологиялар мен қызметтерді игеруде алғырлық таныту;

**Кітапхананың жұмыс уақыты:**

Кітапхана таңғы 9-дан кешкі 6-ға дейін жұмыс істейді.  
Демалыс күні - сенбі, жексенбі.  
Айдың соңғы күні тазалық күні болып табылады.

**Оқырмандарға қызмет көрсету:**

р/с	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлік	Орындалғаны 2021-2022	Жоспарланғаны 2022-2023
1	Бірыңғай тіркеу номері бойынша оқырмандар саны	Оқырман	1516	2000
2	Оқырмандар құрамы:		630	700
	-1-4 сынып оқушылары	Оқырман	645	700
	-5-8 сынып	Оқырман	120	200
	-9-11 сынып	Оқырман		
	-Оқытушылар	Оқырман	100	190
	-басқалар		1	10
3	Интернет қолданушылар	келу	500	700

р/с	Іс-шараның атауы	саны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
<b>I. Ақпараттық ресурстар</b>				
1	Мерзімді басылымдарға жазылу		қараша	Нурманова Т.А.
2	Мерзімді басылымдар қозғалысын есепке алу және қабылдау жұмыстарын ұйымдастыру		жыл ағымында	Нурманова Т.А. Шагирова А.Б.
3	Жаңа түсімдерді көруді ұйымдастыру және әлеуметтік желілер мен сайтында орналастыру		жыл ағымында	
<b>II. Кітапхана қызметінде ақпараттық технология</b>				

1	Мектептің WEB-сайтына іс-шараларды жүктеу		жыл ағымында	Нурманова Т.А. Шагирова А.Б.
2	Кітапхана қызметтері мен ресурстарын жетілдіруге арналған әлеуметтік Интернет желілерінің мүмкіндіктерін пайдалану (Facebook, YouTube, Instagram және т.б.)		жыл ағымында	кітапханашы
3	Мерейтой және естелік күндерге арналған виртуалды көрмелерді, тақырыптық электронды ресурстарды сүйемелдеу		жыл ағымында	кітапханашы
<b>III. Кітапхана қызметін ұйымдастыру</b>				
1	Кітапхана белсенді тобын құру;		қыркүйек-қазан	кітапханашы
2	1-11 сынып оқушыларын оқулықпен қамтамасыз ету;		қыркүйек	кітапханашы
3	Оқулықтардың қозғалысын қадағалау;		қыркүйек , қазан	кітапханашы
4	Оқулықтардың тазалығын тексеру.		әр тоқсанда	кітапханашы
<b>IV. Көпшілік іс-шаралар</b>				
1	«Сыңғырла, күміс қоңырау» 1-11 сынып	салтанатты жиын	қыркүйек	Мектеп ұжымы
2	«Жаңа кітап. Келіңіздер! Оқыңыздар!»	кітапхана қорына түскен кітаптар жаймасы	жыл ағымында	кітапханашы



3	«Менің Отаным-Қазақстан» /25 қазан- Республика күніне/	Кітап көрмесі	қазан	кітапханашы
4	«Алтын теңге» /15-қараша Ұлттық валюта күні/	Зияткерлік ойын	қараша	кітапханашы
5	«Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік»	Кітап көрмесі	желтоқсан	кітапханашы
6	« Қош келдің, Жаңа жыл!»	Тәтті викторина	желтоқсан	кітапханашы
<b>«Бір ел- бір кітап акциясы»</b>				
6	«Бір ел – бір кітап» акциясы - 2022 «Ұлы қайраткер- Ахмет Байтұрсынұлы»	Дөңгелек үстел	қыркүйек	кітапханашы
7	<b>«Бір ел – бір кітап» акциясы - 2023</b>			кітапханашы
<b>Кітап оқуға баулу</b>				
8	«Оқуға құштар мектеп» бойынша «Кітап оқу» жобасы	20 минуттық оқу	жыл көлемінде	кітапханашы
9	«Кітапхана- білім ордасы» кітапханаға саяхат 1-сынып	кітапханалық сабақ	қыркүйек	кітапханашы
10	Ең қымбат сыйлық - кітап	акция	сәуір	кітапханашы
11	«Bookcrossing – кітап әлеміне саяхат»	акция	желтоқсан, сәуір	кітапханашы
12	«Бір отбасы - бір кітап »	Кітап оқу	ақпан	кітапханашы

		акциясы		
13	«BOOK WORM» бағдарламасы арқылы кітап оқу	Барлық оқырмандар үшін ашық платформада кітап оқу	Жыл бойы	кітапханашы
<b>Мерейтойлар</b>				
14	«Ұлттың ұлы ұстазы» /Ахмет Байтұрсынов -150 жыл/	кітап көрмесі библиографиялық шолу	қазан	кітапханашы
15	«Қалың елін мәңгі мақтан тұтқаны, Көркем сөздің, асыл ойдың Мұхтары» /Мұхтар Әуезов – 125 жыл/	Кітаптарына библиографиялық шолу	қазан	кітапханашы
16	«Қазақ даласының қайсар қызы» /Мәншүк Маметова – 100 жыл/	Библиографиялық шолу	қазан	кітапханашы
	«Ұлт мақтанышы» /Ғ.Мұстафин – 120 жыл/	Тақырыптық көрме	қараша	кітапханашы
	«Ұлы даланың-ұлы есімдері» /Сұлтан Бейбарыстың туғанына-800 жыл/ /Қожа Ахмет Яссауидің туғанына-930 жыл/ /Төле бидің туғанна-360 жыл/ /Абылай ханның туғанына-310 жыл/	Тұрақты көрме	Жыл бойы	кітапханашы
	«Махамбет –өр рухты ақын» /Махамбет Өтемісұлының туғанына – 220 жыл/	Әдеби кеш	қаңтар	кітапханашы

	«Халық батыры-Амангелді Иманов»	Презентация	ақпан	кітапханшы
	«Отан үшін от кешкен – тұлға» /Қасым Қайсеновтың туғанына - 105 жыл	Кітап көрмесі	Мамыр	Кітапханашы
	«Сан қырлы ақын»/ Ғафу Қайырбековтың туғанына – 95 жыл	Поэзиялық сағат	ақпан	кітапханшы
	«Мен жастарға сенемін!» /Мағжан Жұмабпаевтың туғанына-130 жы	Әдеби-сазды кеш	мамыр	кітапханашы
<b>Халықаралық балалар кітап күні</b>				
	<b>«Ертегілер еліне саяхат»</b>	ертеңгілік	сәуір	кітапханашы
	<b>«Кітап даналық қазынасы»</b> /23 сәуір – Кітап мерекесі/	Кітап көрмесі	сәуір	кітапханшы
	<b>«Сүйікті кітабыммен селфи»»</b> 5-сыныптар	Фото байқау	Сәуір	кітапханшы
	<b>«Кітап-менің досым »</b> 6-7 сыныптар	Эссе жазу	Сәуір	
	<b>«Өз кітабыңды таңда»</b> 8 сыныптар	Жарнама	Сәуір	
	<b>«Жаныма жақын бір кітап»</b> 9 сыныптар	буктрейлер	Сәуір	
	<b>«Кітап-әлемді бағындырады»</b> 10-11 сыныптар	Дебат	Сәуір	

<b>Салауатты өмір салты</b>			
26	«Тазалық – саулық негізі, Саулық-байлық негізі»	Әдебиеттер көрмесі	қаңтар кітапханшы
<b>8 наурыз - Халықаралақ әйелдер күні</b>			
27	«Ана мейірімі әлдилейді әлемді» /8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні/	мерекелік кеш	наурыз кітапханшы
<b>22 наурыз – Наурыз мейрамы</b>			
28	«Наурыз елімнің бақыты Ынтымақ береке шаттығы»	кітап көрмесі	наурыз кітапханшы
29	«Әкелер ерлігі – өшпес өнеге, Таусылмас шежіре» /9 мамыр-Жеңіс күніне/	Тарихи калейдоскоп	мамыр кітапханшы
30	«Алаштың арыстары» /31 мамыр – Саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне	Тарихи естелік сабак	мамыр кітапханашы
31	Оқу жылының соңында оқулықтарды жинап алу, қабылдау	1-11 сыныптар	мамыр кітапханашы

## **VI. Анықтамалық және библиографиялық жұмыс**

1. «Ақпарат күндерін» өткізу (жаңа әдебиеттердің шығуына қарай).
2. Анықтаманы пайдалану бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу  
әдебиеттер, энциклопедиялар, сөздіктер, электронды ақпарат құралдары.
3. Оқырмандарда таңдау бойынша өз бетінше жұмыс істеу дағдысын  
қалыптастыру  
әдебиет және кітаппен жұмыс.

4. Анықтамалық әдебиеттер қорын толықтыру.
5. Электронды және қағаз каталогтар мен файлдық шкафтарды құрастыру бойынша жұмысты үнемі жалғастыру.

### **VII. Кітапхана қорымен жұмыс**

1. Кітапхананың кітап қорын толықтыру мақсатында оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендеріне, оқулықтарға, энциклопедияларға электронды тасымалдағыштарға, көркем әдебиеттерге уақытылы зерделеу және тапсырыстар дайындау.
3. Кітап қорына сөре бөлгіштерді қайта ресімдеу.
4. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді уақытылы шығару және жинақтау.
5. Тозығы жеткен, мазмұны жағынан ескірген, дублеттік, негізгі емес әдебиеттерді жою мақсатында қорды үнемі қарап отыру.
6. Қордан алынған әдебиеттерді есептен шығару актілерін уақытылы ресімдеу.
7. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің сақталуын тексеру бойынша рейдтік іс-шараларды жүйелі түрде өткізу.
8. Жартылай жарамсыз болған кітаптарды жөндеу.
9. Жаңадан түскен әдебиеттерді уақытылы өңдеу.
10. Қажетті тақырыптар бойынша ұсынымдық тізімдер мен библиографиялық анықтамаларды құрастыру.

### **VIII. Кәсіби деңгейін жоғарлату**

- Мектеп кітапханаларының жұмысы бойынша жаңадан түсетін нормативтік құжаттармен үнемі танысып, жұмысты басшылыққа алу.
- Қалалық әдістемелік семинарларға белсене қатысыңыз.
- Өзін-өзі тәрбиелеумен айналысу, кәсіби әдебиеттермен жұмыс істеу және мерзімді басылымдарды қадағалау.
- Басқа қалалық кітапханалардың тәжірибесін қабылдау.
- Мектептегі оқу-әдістемелік шараларды дайындауға белсене қатысу.